

ДӘРІС 8.

ТАҚЫРЫБЫ:

«ЭТНОГЕНЕЗ ТҮСІНГІ
ЖӘНЕ КӨПЭТНОСТЫҚ
ҚОҒАМДАРДЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ПРОЦЕСІ».

Жоспар:

1. Этногенез түсінігі.
2. Этномәдени ерекшеліктер.
3. Көпэтностық қоғамдардың қалыптасу себептері.

ЭТНОГЕНЕЗ (ГРЕК. ΕΤΗΝΟΣ – ТАЙПА, ХАЛЫҚ ЖӘНЕ GENOSIS – ШЫҒУ, ТЕГІ) – ӘР ТҮРЛІ ҚАУЫМДЫҚ ТОПТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА ҚҰРАМДАҒЫ ТУЫСТАС ТАЙПАНЫҢ НЕМЕСЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.

ЭТНОГЕНЕЗ – ҚАНДАЙ БОЛСА ДА ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНЫҢ БАСТАМАСЫ. ОЛ ҮНЕМІ ДАМУ ҮСТІНДЕ БОЛАДЫ. БІРДЕ ОҒАН ЖАҢА ЭТНОСТЫҚ ТОПТАР ҚОСЫЛЫП, ОНЫМЕН БІТЕ ҚАЙНАСЫП, АРАЛАСЫП КЕТСЕ, ЕНДІ БІРДЕ ОДАН КЕЙБІР ТОПТАР ЕРЕКШЕЛЕНІП, БӨЛІНІП ТЕ ЖАТАДЫ.

ЖЕР БЕТІНДЕ ӘРТҮРЛІ ЗАМАНДАРДА ӨМІР СҮРГЕН ЭТНОСТАР МӘНГІ ЕМЕС. НЕМІСТІҢ ҰЛЫ ТАРИХШЫСЫ РАНКЕ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДА «ХАЛЫҚТЫҚ РУХ» ИДЕЯСЫН ЕНГІЗІП, ҰЛТТЫ, ХАЛЫҚТЫ «ТАРИХИ АРЕНАҒА ШЫҒАРАТЫН УАҚЫТ» ДЕП КӨРСЕТКЕН БОЛАТЫН. ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ МЕН ХАЛЫҚТАРДЫ «ТАРИХИ» ЖӘНЕ «ТАРИХИ ЕМЕС» ДЕП БӨЛЕТІН ЕВРОЦЕНТРИЗМГЕ ӨМІР БОЙЫ КҮРЕСКЕН Л. ГУМИЛЕВ ЕУРАЗИЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХЫНЫҢ ЕУРОПА ТАРИХЫНАН ӘСТЕ КЕМ ЕМЕСТІГІН ЗЕРТТЕП ҚАНА ҚОЙҒАН ЖОҚ, ЖАҢАША ТҰЖЫРЫМДАР ЖАСАП, ТАРИХИ АҚИҚАТТЫ ЖАҚЫНДАТАТЫН ЗЕРТТЕУЛЕР ӘДІСТЕРІН ЖАҢАРТЫП, ЭТНОГЕНЕЗДІҢ ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯСЫН ЖАСАҚТАДЫ.

КЕҢЕСТІК ҒАЛЫМДАР ГУМИЛЕВ ТҰЖЫРЫМДАРЫН ҚОЛДАМАДЫ. МҰНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ – КЕҢЕС ЭТНОГРАФТАРЫ ЭТНОСТЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС ДЕП ҚАРАСТЫРСА, ГУМИЛЕВ ЭТНОСТЫҢ ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫС ЕКЕНДІГІН ДӘЛЕЛДЕДІ.

ҰЛТ НЕМЕСЕ ХАЛЫҚТЫҢ БҰРЫНҒЫ АНЫҚТАМАСЫ БОЙЫНША, ОРТАҚ ТІЛІ, ТЕРРИТОРИЯСЫ, ОРТАҚ ТЕГІ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ, САЯСИ БІРЛЕСТІГІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ДІНІ, САНА-СЕЗІМІ СИЯҚТЫ БЕЛГІЛЕР НЕГІЗГЕ АЛЫНЫП, ЭТНОГЕНЕЗ АЯҚТАЛҒАН ПРОЦЕСС БОП САНАЛСА, ГУМИЛЕВ ЭТНОСТЫ АЯҚТАЛМАҒАН ПРОЦЕСС РЕТІНДЕ КӨРСЕТТІ.

МЫСАЛЫ, БАТЫСТЫҚ ТАРИХНАМА МЕН ӘЛЕУМЕТТАНУҒА ТӘН «ӨРКЕНИЕТТІК ӘДІС» СУБЪЕКТИВТІК ФАКТОРДЫҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРЫП, ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТКЕ КӨП КӨҢІЛ БӨЛДІ. АЛ МАРКСТІК ФОРМАЦИЯЛЫҚ ӘДІС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДЕТЕРМИНИЗМГЕ БОЙ ҰРЫП, СУБЪЕКТИВТІК ФАКТОРЛАРДЫҢ РӨЛІН ТӨМЕНДЕТТІ.

ЭТНОГЕНЕЗ – ҰЛТТЫҢ, ХАЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫЛУ ПРОЦЕСІ. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕР ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН Л. ГУМИЛЕВ ХАЛЫҚТАР МЕН ҰЛТТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ЖОҒАЛУЫНА ЖАУАП ІЗДЕП: «ФИНИКИЯЛЫҚТАР БІР КЕЗДЕ БОЛДЫ, АЛ ҚАЗІР ЖОҚ, ФИНИКИЯЛЫҚТАР КЕЗІНДЕ ФРАНЦУЗДАР БОЛҒАН ЖОҚ, ОЛАР ІХ ҒАСЫРДА ПАЙДА БОЛДЫ, ХІХ ҒАСЫРДА ҚАЛЫПТАСТЫ» ДЕГЕН СҰРАҚ ҚОЯДЫ.

Л. ГУМИЛЕВ ҰЛАНҒАЙЫР ТАРИХИ ПРОЦЕСТЕРДІ ТАЛДАУ, ҚОРЫТЫНДЫЛАУ АНЫҚТАМАНЫҢ: ТІЛ, ЭКОНОМИКА, ТЕРРИТОРИЯ, МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ ҚАТЕ ЕКЕНДІГІН ДӘЛЕЛДЕДІ. МЫСАЛЫ, ОРТАҚ ТІЛДІ АЛСАҚ, ТАРИХТА ӘРТҮРЛІ ТІЛДЕ СӨЙЛЕСЕ ДЕ, ӨЗІНІҢ ҰЛТТЫҚ БІРЛІГІН ЖОҒАЛТПАҒАН ЭТНОС АЗ ЕМЕС. МЫСАЛЫ, ФРАНЦУЗДАР ОРТА ҒАСЫРЛАРДА 3 ТІЛДЕ СӨЙЛЕДІ: ПАРИЖ ТҰРҒЫНДАРЫ – ЕСКІ ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕ, БРЕТАНЬ ПРОВИНЦИЯСЫНДА – БРЕТАНДЫҚ ТІЛДЕ, АЛ ОҢТҮСТІКТЕ ПРОВАНС ПЕН ЛАНГЕДОКТА – ПРОВАНСАЛЬ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕСЕ ДЕ, ФРАНЦУЗ ЭТНОСЫН САҚТАП НЕМЕСЕ 120 ЖЫЛ БОЙЫНА РЕСЕЙ, АВСТРИЯ, ГЕРМАНИЯ ИМПЕРИЯЛАРЫНЫҢ ҚОЛ АСТЫНДА БОЛҒАН ПОЛЯКТАР ҰЛТЫН ЖОҒАЛТПАДЫ.

ЖОҒАРЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ГҮЛДЕНГЕН
ЭКОНОМИКАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН
ЭТНОСТАР ӨЗДЕРІНЕН ӘЛДЕҚАЙДА ТӨМЕН
ҰЙЫМДАСҚАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ
ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ
ЭКСПАНСИЯСЫНА ТӨТЕП БЕРЕ АЛМАДЫ,
ЯҒНИ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚУАТТЫЛЫҚ ТА
ҰЛТТЫҢ, ХАЛЫҚТЫҢ МӘҢГІ ӨМІР
СҮРУІНІҢ БЕЛГІСІ БОЛА АЛМАЙДЫ.
МЫСАЛЫ, РИМ ИМПЕРИЯСЫ IV-V ҒҒ.
ВАРВАР-ГЕРМАН, ҒҰН ТАЙПАЛАРЫНА
ТӨТЕП БЕРЕ АЛМАДЫ.

Л. ГУМИЛЕВ ЭТНОСТЫ-ҰЛТТЫ АНЫҚТАЙТЫН БҰРЫНҒЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ ҚАТЕ ЕКЕНДІГІН ДӘЛЕЛДЕП, ЭТНОГЕНЕЗДІ – ЭТНОСТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫН – ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМ ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРУДЫ ҰСЫНДЫ. ЯҒНИ ЭТНОСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ АДАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ЕМЕС, ЖЕРДІҢ БИОСФЕРАСЫНДАҒЫ ПРОЦЕСТЕР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ ДЕГЕН ТҰЖЫРЫМ ЖАСАДЫ. БҰЛ БІР ҚАРАҒАНДА ЖАҒАЛЫҚ ЕМЕС СИЯҚТЫ, ӨЙТКЕНІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ АДАМ ҚЫЗМЕТІ МЕН ШАРУАШЫЛЫҒЫНА, МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ СИПАТЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРДІ АРАБ ҒАЛЫМДАРЫНАН БАСТАП, ЕУРОПАЛЫҚ ГУМАНИСТЕР, АҒАРТУШЫЛАР АЙТҚАН БОЛАТЫН. Л. ГУМИЛЕВ ЕҢБЕГІНДЕ БҰЛ ИДЕЯ ТЕОРИЯ ТҮРІНДЕ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛДІ.

Л. ГУМИЛЕВ ЭТНОГЕНЕЗ ПРОЦЕСІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫНА НАЗАР АУДАРДЫ. ТАРИХТАҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ, ГУМИЛЕВТІҢ АЙТУЫНША, БИОСФЕРАДАҒЫ ТІРІ ЗАТТАРДЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ ЭНЕРГИЯСЫ. БИОСФЕРАНЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ ЭНЕРГИЯСЫН КЕЗІНДЕ В.И. ВЕРНАДСКИЙ АШҚАН БОЛАТЫН.

ЭТНОС – БІР-БІРІНЕ ЫНТАЛЫЛЫҒЫ МЕН МӘДЕНИ ДЕҢГЕЙЛЕРІ ЖАҒЫНАН ҰҚСАМАЙТЫН ӘРТҮРЛІ АДАМДАРДАН ҚҰРАЛАДЫ. АДАМДАР ҚОРШАҒАН ОРТАДАН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАЙТЫН БИОХИМИЯЛЫҚ ЭНЕРГИЯСЫ ДЕҢГЕЙІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. КЕЙБІР АДАМДАРҒА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ ҮШІН ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗ ӨМІР СҮРУ ҮШІН ЭНЕРГИЯ ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖЕТКІЛІКТІ БОЛАДЫ, БІЗ МҰНДАЙ АДАМДАРДЫ «ГАРМОНИЯЛЫҚ» АДАМДАР ДЕЙМІЗ. КЕЙБІРЕУЛЕРІНІҢ ҚАБЫЛДАҒАН ЭНЕРГИЯСЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ЖЕТПЕЙДІ, СОНДЫҚТАН ОЛАР ӨМІРДІҢ ҚЫЗЫҒЫНА ТОЙМАЙТЫН, ӨЗГЕЛЕР АРҚЫЛЫ КҮН КӨРЕТІН, БОЛАШАҒЫН ОЙЛАМАЙТЫН «СУБПАССИОНАРЛАРҒА» АЙНАЛАДЫ. АЛ ТАРИХТЫ, АДАМЗАТ ҚОҒАМЫН ҚОЗҒАЙТЫН КҮШ – ПАССИОНАР АДАМДАР, ОЛАР БИОХИМИЯЛЫҚ ЭНЕРГИЯСЫН ӨМІРДІ ӨЗГЕРТУГЕ, ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУҒА АРНАЙДЫ.

УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ, БІР ЭТНОСТЫҢ ІШІНДЕГІ АДАМДАРДЫҢ 3 ПАССИОНАРЛЫҚ ТҮРІ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАЙДЫ. СУБПАССИОНАРИЙ АДАМДАРЫ КӨП ЭТНОС БІРТЕ-БІРТЕ ӘЛСІРЕЙДІ. ПАССИОНАРЛАРЫ КӨП ЭТНОС НЕМЕСЕ ХАЛЫҚ КҮШЕЙЕДІ. ОЛ ҰЛЫ ИМПЕРИЯЛАР МЕН МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ (ГУНДАР, ТҮРКІЛЕР, МОҢҒОЛДАР, ЕУРОПАЛЫҚТАР Т.Б.) ТАРИХИ АРЕНАҒА ШЫҒУЫН ТҮСІНДІРЕДІ.

ҰЛТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ШЕШУШІ ФАКТОРЫ – «ПАССИОНАРЛЫҚ» –БИОХИМИЯЛЫҚ ЭНЕРГИЯНЫҢ САПАЛЫҚ КӨРІНІСІ. ОСЫ ПАССИОНАРЛЫҚ ЭНЕРГИЯ ЖЕРДЕГІ БИОСФЕРАДАҒЫ ӘРТҮРЛІ ЭТНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨМІР СҮРУІНЕ ӘСЕР ЕТЕДІ. ОСЫНДАЙ ФАКТОРМЕН БІРІККЕН АДАМДАР ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ОРТАҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ БОЛАДЫ, СОНЫСЫМЕН ӨЗДЕРІН ӨЗГЕЛЕРДЕН АЖЫРАТАДЫ.

«ПАССИОНАРЛЫҚ ЭНЕРГИЯНЫ» АДАМ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҮШІН ЖҰМСАУ ҚАЖЕТ. ПАССИОНАР АДАМДАР ЖАҢА ҮЙЛЕР САЛАДЫ, КІТАП ЖАЗАДЫ, СОҒЫС ЖҮРГІЗЕДІ, БИЛІК ҮШІН КҮРЕСТЕ БЕЛСЕНДІЛІК КӨРСЕТЕТІН, САЯСАТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖІГЕРЛІ АДАМДАР БОЛАДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ӘРТҮРЛІ ҰЛТТАР МЕН ХАЛЫҚТАРДАН ШЫҚҚАН ПАССИОНАР АДАМДАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ ӨЗДЕРІНІҢ МАҚСАТТАРЫНА СӘЙКЕС ҰҚСАС БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН МЫСАЛЫ, НАПОЛЕОНДЫ – ЮЛИЙ ЦЕЗАРЬМЕН, АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙМЕН, ЛОБАЧЕВСКИЙДІ – ЕВКЛИДПЕН, АЛ ПУШКИНДІ – ДАНТЕМЕН САЛЫСТЫРЫП ЖАТАДЫ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕМЛЕКЕТТІҢ КҮШІ
КӨПТЕГЕН КӨРСЕТКІШТЕРДЕН ТҰРАДЫ.
ОҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖЕР КӨЛЕМІ, АДАМ,
МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР, ӨНЕРКӘСІП
ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ
МӨЛШЕРІ МЕН САПАСЫ, МЕМЛЕКЕТ
ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ СИПАТЫ, ӘЛЕУМЕТТІК –
САЯСИ, ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ, РУХАНИ,
МӘДЕНИ ДАМУ ДӘРЕЖЕСІ ЖӘНЕ Т.С.С.
КІРЕДІ.

ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫП ТАНУДАҒЫ
БАҒЫТТАР:

- ӘР ТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕГІ, МАТЕРИКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ ТҰТАС ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ;
- ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ӘЛЕУМЕТТІК ЭТНИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР;
 - ҚАРАМА ҚАЙШЫЛЫҚТЫ, КӨПЭТНОСТЫ ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ БӨЛІНБЕЙТІНДІГІ;
 - ЕВРОПА ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ БАСҚА ДА АЙМАҚТАРЫНДА ХАЛЫҚТАРДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯҒА ДЕГЕН БАҒЫТ АЛУЫ;
- ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҒАЛАМШАРЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІ ЖӘНЕ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

БІЗДІҢ ҒАЛАМШАРДА ҮШ МЫҢНАН АСТАМ ӘР ТҮРЛІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ (ТАЙПА, ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР, ҰЛЫСТАР, ҰЛТТАР) БАР ЕКЕНДІГІН ЖӘНЕ ОЛАР ЕКІ ЖҮЗДЕН АСТАМ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕДІ. КОНТИНЕНТТЕРДІҢ ДЕ ТҰРҒЫНДАРЫ ДА КӨП ҰЛТТЫЛЫҒЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. ӘРБІРЕУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭТНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ДА ӘРТҮРЛІ. ИНДУСТРИАЛДЫ ДАМЫҒАН БАТЫС ЕВРОПАДА ӨМІР СҮРЕДІ. АМЕРИКА МЕН АФРИКАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ДА ӘР АЛУАН ЭТНИКАЛЫҚПЕН СИПАТТАЛАДЫ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ АФРИКАНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ КАРТАСЫНДА 300-500-ГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚ БӨЛІНУДЕ. АВСТРАЛИЯДА ЭТНОГРАФТАР 700-ГЕ ДЕЙІН ПАПУАС ХАЛҚЫ ТҰРАДЫ ДЕП ЕСЕПТЕЛУДЕ.

ОТАРШЫЛЫҚТЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ӨЗГЕРІСТЕР, ТЫНЫҚ МҰХИТ АЙМАҒЫНЫҢ ЕЛДЕРІНІҢ (ӘСІРЕСЕ ҚЫТАЙ МЕН ЖАПОНИЯ) ЖЕДЕЛ ДАМУЫ ОЛАРДЫ БАТЫСПЕН ТЕҢЕСТІРДІ, СӨЙТІП БАТЫС ЕВРОПА МЕН АЗИЯНЫҢ ТЕҢ СЕРІКТЕСТІК ЖАҒДАЙЫН ТУҒЫЗДЫ. ШЕТ ЕЛДІК АЗИЯ КӨП ҰЛТТЫ БОЛЫП ҚОЙМАЙ, БАРҒАН САЙЫН ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫНАСЫНА, АДАМЗАТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА КӨПТЕП ӘСЕР ЕТУДЕ. СОЛТҮСТІК АМЕРИКАҒА КЕЛІП ЖАТҚАН АЗИЯЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АМЕРИКАНДЫҚТАРҒА ҚАРАҒАНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМДІЛЕРІ ЕКІ ЕСЕ АРТЫҚ. ГОНКОГТЫҢ ИММИГРАНТТАРЫ КАНАДАНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА МИЛЛИАРДТАҒАН ДОЛЛАРДЫ САЛУДА. ЖАПОНИЯДА БҮКІЛ БАТЫС ЕВРОПАҒА ҚАРАҒАНДА ҒАЛЫМДАРДЫҢ САНЫ ЕКІ ЕСЕ АРТЫҚ. ҚЫТАЙДА БІРІККЕН ГЕРМАНИЯҒА ҚАРАҒАНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ИНЖЕ-НЕРЛЕРДІ КӨБІРЕК ДАЯРЛАЙДЫ. ТАЙВАН МЕН ШЫҒЫС КОРЕЯДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ САНЫ ПАЙЫЗБЕН КІСІ БАСЫНА ШАҚҚАНДА КЕЗ КЕЛГЕН ЕВРОПА ЕЛІНЕН АРТЫҚ.

БҮКІЛ МЕМЛЕКЕТТЕР, ҰЛТТАР ТЕҢ. БІРАҚ ФОРМАЛЬДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕНДІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТЕРРИТОРИЯСЫНЫҢ, ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫНЫҢ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ МҮМКІНШІЛІГІНІҢ, САЯСИ БЕДЕЛІНІҢ ӘР ТҮРЛІ БОЛАТЫНДЫҒЫН ЖОҚҚА ШЫҒАРМАЙДЫ. ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ МЕМЛЕКЕТТЕРІН ҰЛЫ ДЕРЖАВА, ОРТАША ДЕРЖАВА, КІШІ МЕМЛЕКЕТТЕР ДЕП БӨЛІНЕДІ. ДАМЫҒАН ЖӘНЕ НАШАР ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ КЕМІМЕЙ, КЕРІСІНШЕ ҰЛҒАЙЫП БАРА ЖАТЫР. ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДЕ ТҰРАТЫН ПЛАНЕТА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 6 ПАЙЫЗЫ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ӨНІМДЕРІНІҢ 35 ПАЙЫЗЫН ТҰТЫНАДЫ. БАЙ ЖӘНЕ КЕДЕЙ ЕЛДЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕНСІЗДІГІН АДАМДАР ӘДІЛЕТСІЗДІК ДЕП ТАУЫП, НАРАЗЫЛЫҚ ТУҒЫЗУДА. ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ АЛАҢДАТЫП ОТЫРҒАН ҮЛКЕН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ “ҮШІНШІ ЕЛДЕРДІҢ” АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ БАТЫС ДЕРЖАВАЛАРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ АРТТА ҚАЛУ ҮРДІСТЕРІНІҢ КҮННЕН-КҮНГЕ АРТУЫ. ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 50-60 ЖЫЛДАРЫ КОЛОНИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ ҚҰЛАҒАН БОЛАТЫН. 80-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ОРТАСЫНА ҚАРАЙ “ҮШІНШІ ЕЛДЕРДІҢ” БАТЫСҚА ҚАРЫЗЫ ТРИЛЛИОН ДОЛЛАРДАН АСЫП ТҮСТІ. БҰҰ-НЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІНЕ ҚАРАҒАНДА, ДҮНИЕДЕ ЖЫЛ САЙЫН 50 МЛН. АДАМ АШТАН ӨЛЕДІ ЕКЕН.

ТӨМЕНДЕГІ ТЕРМИНДЕРГЕ АНЫҚТАМА БЕР:

- 1) АССИМИЛЯЦИЯ
- 2) ГЕНОЦИД.
- 3) АНТИСЕМИТИЗМ.
- 4) СИОНИЗМ
- 5) АВТОХТОНДЫ ҰЛТ.
- 6) ШОВИНИЗМ
- 7) САГРЕГАЦИЯ.
- 8) АПАРТЕЙД.
- 9) ДЕПОРТАЦИЯ
- 10) КОСМОПОЛИТ
- 11) МӘҢГҮРТ

СЕМИНАР 8.

1. *ЭТНОСТЫҢ ПРИМОРДИАЛИСТІК ТЕОРИЯСЫ. (И.ГРЕДЕР, Ш.МОНТЕСКЬЕ, Ф.РАТЦЕЛЬ, Г.БОКЛЬ), М.ВЕРБЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕОРИЯСЫ.*
2. *ЭТНОСТЫҢ БИОӘЛЕУМЕТТІК КОНЦЕПЦИЯСЫ. Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЭТНОС КОНЦЕПЦИЯСЫНДАҒЫ БИОӘЛЕУМЕТТІК ТҮСІНІГІ.*
3. *ЭТНОСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК–ТАРИХИ КОНЦЕПЦИЯСЫ. Ю.В БРОМЛЕЙДІҢ ЭТНОС ТЕОРИЯСЫ.*
4. *ЭТНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕГІ ИНСТРУМЕНТАЛИСТІК ЖӘНЕ КОНСТРУКТИВИСТІК ТӘСІЛДЕРІ. ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМ - “ТОП МҮДДЕСІ”, “ЖҰМЫЛДЫРУ ТОБЫ” (Р.ДЖЕКСОН). ЭТНИКАЛЫҚ САНА САЯСИ КҮШ РЕТІНДЕ (У.КОНОР).*

[HTTP://VK.COM/ID322320611](http://vk.com/id322320611)
